

БАТЫРЛАР ЖЫРЫНДАҒЫ МЕТАФОРАЛЫҚ ҚОЛДАНЫСТАР

Ш. С. Үдербаева

2 курс магистранты

Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университеті

Аннотация. В статье всесторонне рассматриваются метафорические употребления в казахских героических эпосах. Метафоры в батырских жырах анализируются как одно из основных художественных средств, способствующих созданию образа героя, возвышению его личности, а также изображению военных сцен, природы и пространства. На основе цитат из эпических текстов раскрываются художественные, познавательные и воспитательные функции метафор.

Ключевые слова: *эпос, эпос, метафора, художественный прием, национальное мировоззрение*

Abstract. The article provides a comprehensive analysis of metaphorical usage in Kazakh heroic epics. Metaphors in batyr epics are examined as one of the main artistic devices used in shaping the heroic image, elevating the hero's character, and depicting battle scenes, nature, and space. Based on examples taken from epic texts, the artistic, cognitive, and educational functions of metaphors are revealed.

Keywords: *heroic epics, epic poetry, metaphor, stylistic device, national worldview.*

Халық ауыз әдебиеті үлгілеріндегі сөз қолданыс ерекшеліктерін талдау мен сараптау – қазіргі таңда өзектілігін жоймаған маңызды мәселелердің бірі. Қазақ әдеби тілінің қалыптасу, даму кезеңдерінде халықтың рухани әлемін байытуға зор үлес қосқан батырлар жырларының тілін терең зерттеу, ондағы көркемдік дәстүрлерді жүйелеп, қорыту арқылы әдеби тіліміздің мүмкіндіктерін кеңейтуге болады. Осы тұрғыдан алғанда, батырлар жырының

көркемдік байлықты қалыптастырудағы рөлін айқындаудың ғылыми маңызы ерекше.

Сонымен қатар көркем сөз шеберлері қалыптастырған тілдік үлгілер мен дәстүрлердің қазіргі қазақ әдеби тілінде қаншалықты деңгейде игеріліп, дамытылып отырғанын анықтау да маңызды мәселе болып табылады. Бұл бағыттағы зерттеулер ұлттық әдеби тілдің сабақтастығын, көркемдік-стильдік дамуының табиғатын тереңірек тануға мүмкіндік береді.

Қазақ халқының ауыз әдебиеті – ғасырлар бойы қалыптасқан рухани қазына. Соның ішінде батырлар жыры халықтың тарихи жадын, елдік мұратын, ерлік идеалын көркем тілмен жеткізген ірі эпикалық жанр болып табылады. Батырлар жырында тарихи оқиғалар мен мифологиялық таным, шындық пен қиял астасып жатады. Осындай көркемдік тұтастықты қамтамасыз ететін негізгі құралдардың бірі – метафора.

Метафора – көркем тілдің бейнелілік қуатын арттыратын, бір құбылысты екінші бір құбылыспен астастыра отырып суреттейтін тәсіл. Батырлар жырында метафора батырдың болмысын ерекше деңгейге көтеріп, оны қарапайым адамнан гөрі асқақ, мифтік кейіпкер дәрежесіне жеткізеді. Сондықтан батырлар жырындағы метафоралық қолданыстарды талдау ұлттық көркем ойлау жүйесін тануда маңызды.

Профессор Б. Хасанов еңбегінде *дәстүрлі* және *индивидуалды* метафораларға тоқталады. Ғалым дәстүрлі метафоралардың фразеологизмдерге, мақал-мәтелдерге, қанатты сөздерге желі болатындығын: «*Дәстүрлі метафоралар* – меншіктік авторы жоқ халықтық қазына, оны кез келген қаламгер сөзінен табуға болады, олар бірте-бірте бейнелілік қасиеті солғындап, омонимге айналуы мүмкін, тіпті тұрақты сөйлеу штампына айналуы мүмкін», – деп көрсетеді [1, 120]. Ал *индивидуалды метафоралар* авторлы, мұндай метафоралар өмірдің түрлі жағдайларына берілген автордың

субъективті бағасы, өзіндік тұжырымы түрінде болады. Метафораның осы түрі жеке шығармашылық тұлғаның тіліне тән болғандықтан, жеке шығарма иесінің туындыларында кездеседі. Өз тарапымыздан индивидуалды метафора терминінің баламасы ретінде *жекетұлғалық метафора* балама ретінде ұсынылады. Осындай түрлі аспектілері болуына қарай метафораның анықтамалары да әртүрлі, бірізді емес. Дегенмен метафораның негізгі қызметі мен жасалу жолдары және мағыналық ерекшеліктері қамтылған барынша толық анықтама Н.Д. Арутюнованың сөздігінде берілген: «Метафора (гректің *metaphora* – ауыспалы) – троп немесе сөйлеу тілінің басқа топтағы нысанды, айтылып отырған заттар тобындағы заттың ұқсастығын заттардың, құбылыстар тобына жататын белгілері арқылы білдіретін механизмі. Кең мағынасында метафора ауыспалы мағынада қолданылатын сөз атаулының бәріне қарата айтылады» [2, 156]. Осылайша метафора тілдегі құбылыс ретінде ертеден назарға ілінгенмен, тіл дамуы барысында тірек сөздердің ауысуына, жасалу жолдарына қарай кейбір өзгерістерге ұшыраған. Ал тілдік бірліктер қызметінің үнемі тұрақты бола бермейтіндігі перифериялық және орталық позициядағы тілдік бірліктердің өзгеріп отыруымен, яғни ақиқат дүниедегі реалийлердің тұрақсыздығымен байланысты болып келеді.

Батырлар жырында бір құбылысты екіншісімен салыстыру, мәндес ұғымдар арқылы көркем бейне жасау кеңінен қолданылады. Әсіресе адам болмысын табиғат құбылыстарымен, жан-жануарлар мен өсімдіктер әлемімен ұқсату жиі кездесетін көркемдік тәсілдердің бірі болып табылады. Қазақ халқының көшпелі тұрмыс салты табиғатпен тығыз қарым-қатынаста болуына жағдай жасап, қоршаған ортаны, соның ішінде жануарлар дүниесінің тіршілік ерекшеліктерін терең танып-білуіне мүмкіндік берді. Осы тәжірибе негізінде халық ауыз әдебиетінде адам мінезі мен іс-әрекетін жан-жануарлар қасиеттерімен салыстыра бейнелеу дәстүрі қалыптасты.

Батырлар жырында зооморфтық метафоралар молынан ұшырасады. Мәселен, «Ер Тарғын» жырындағы:

*Ақшаханың қызы едім.
Ата менен анамның
Асыранды қазы едім.
Қойда бағлан қозы едім,
Жылқыда шаңқан боз едім*[3]

деген жолдарда кейіпкер бірде қазға, бірде қозыға, бірде шаңқан боз атқа теңеліп, оның қадірлі, ерке, асыл болмысы астарлы түрде беріледі.

Жалпы қазақ дүниетанымында жылқы малының орны айрықша. Ол төзімділік пен тектіліктің, ер жігіттің сенімді серігінің символы ретінде қабылданған. Эпостық жырларда жылқы тек көлік немесе серік қана емес, кей жағдайда батырға ақыл айтатын кеңесші бейнесінде де суреттеледі. Осыған байланысты батырлар жырында жақын жандарды, сүйікті ұрпақты жылқыға, оның төліне ұқсату кең тараған. Мысалы:

*Қоңыраттың шыққан ішінен
Ардақты жалғыз құлынсың*[3].
(«Алпамыс батыр» жырынан)
*Құлынымнан айрылып
Табаныма тиді шоқ*[3]!
(«Қобыланды батыр» жырынан)
*Ақ бетімде тұлымым,
Бірге туған құлыным...*[3]
(«Қобыланды батыр» жырынан)

деген жолдарда баланың қадірі мен орны жылқы төлі арқылы әсерлі жеткізіледі.

Ал батырдың айбаты мен қайратын көрсету мақсатында оны жырларда арыстан, жолбарыс, қабылан, бөрі секілді жыртқыш аңдарға теңеу де жиі кездеседі. Мәселен, «Алпамыс батыр» жырында:

*Жұрттың басы жолбарысым,
Қарауыл басы қабыланым,*

Қабыланым аман бол дейді[3].

(«Алпамыс батыр» жырынан)

Жан қосағым қыз Құртқа,

Арыстаны – мен пенде[3].

(«Қобыланды батыр» жырынан)

Екі бөрі бас қосып,

Көбіктінің шәрінің

Қарасын көрді таң ата.[3]

(«Қобыланды батыр» жырынан)

Таң атқасын төрт көкжал

Қару-жарақ киініп...[3]

(«Қобыланды батыр» жырынан)

Жалғыз өзі тuiпті-ай.

Ойыны күйіті арыстан...[3]

(«Қобыланды батыр» жырынан)

деп батырдың ерлігі мен жетекшілік қасиеті айқындалады. Сол сияқты «Қобыланды батыр» жырында арыстан мен бөрі бейнелері арқылы батырдың күш-қуаты, ерлік болмысы сомдалады.

Зооморфтық метафоралар тек төрт түлік немесе жыртқыш аңдармен ғана шектелмей, қанаттылар әлемімен де тығыз байланысты. Эпостық жырларда батырды сұңқарға теңеу кең таралған. Қазақ халқы қыран құстардың табиғатын жақсы білгендіктен, сұңқарды еркіндік, қайрат, шапшаңдық пен ептіліктің символы ретінде қабылдаған. Сондықтан батыр бейнесін сұңқармен астастыра суреттеу заңды құбылыс. Мысалы:

Таудағы сұңқар мен едім

Ала қарға сен едің[3].

(«Шора батыр» жырынан)

Сіздер – сұңқар, біз – қарға[3],

(«Қобыланды батыр» жырынан)

Жігітте сұңқар мен едім,

Келгенін біліп сұңқардың,

Артық туған қыз Құртқа

Ақсұңқар құстай түледі[3].

(«Қобыланды батыр» жырынан)

Аман-есен келдің бе,

Жұрт иесі сұңқарым[3]?

(«Қобыланды батыр» жырынан)

Қайғы зарын шығарып,

Екі сұңқар кеңесті...[3]

(«Қобыланды батыр» жырынан)

деген жолдар батырдың биік рухын, ел ішіндегі мәртебесін айқындай түседі.

Қорыта айтқанда, батырлар жырында зооморфтық метафоралардың жиі қолданылуы халықтың дүниетанымымен, табиғатпен етене өмір сүрген тіршілік тәжірибесімен тікелей байланысты. Батырды жануарлар әлемімен салыстыра бейнелеу арқылы қазақ халқы олардың мінез-құлқын, болмысын терең танып, соны көркем ойлау жүйесінде шебер пайдалана білгенін аңғартады.

«Тіл мен мәдениеттің байланысы тіл білімінің қазіргі лингвомәдениеттану саласында ерекше мәнге ие. Бұл екі фактордың тоғысуы нәтижесінде пайда болған тілдік деректер ұлт мәдениетін немесе ұлт тарихын, халықтың қоғамдық өмірін бейнелеп қана қоймай, ана тілінің сөздік қоры байлығының көрсеткіші ретінде де танылады» [4,90].

Қорытындылай келе, батырлар жырындағы метафоралық қолданыстар эпостың көркемдік жүйесінің негізін құрайды. Олар батыр бейнесін асқақтатып қана қоймай, халықтың дүниетанымын, эстетикалық талғамын, рухани құндылықтарын танытады. Метафоралар батырлар жырын көркем, әсерлі әрі мәңгілік мұра деңгейіне көтерген басты құралдардың бірі болып табылады.

Пайдаланылған әдебиеттер

1. Хасанов Б. Қазақ тілінде сөздердің метафоралы қолданылуы. – Алматы : Мектеп, 1966. – 208 б.



2. Арутюнова Н.Д. Лингвистический энциклопедический словарь. – М., 1990. – 859 с.
3. Бабалар сөзі. – Астана, 2014, 33-том, 35-том, 42-45 том
4. Ахметов З., Шоңбаев Т. Әдебиеттану терминдер сөздігі. – Алматы: Ана тілі, 1998.